



## Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 сәуірде № 20305 болып тіркелді.

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 13 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 4 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

Н. Ногаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2020 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 121 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2014 жылғы 13 қарашадағы  
№ 122 бұйрығымен  
бекітілген

**Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі 1. Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке**

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1.	2.	3.	4.
1.	мәлімделген жұмыстарды орындау үшін қажет меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты

2.	тиісті білімі, дайындығы, жұмыс тәжірибесі бар және мәлімделген қызметтің түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандардың білікті құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3.	құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған лицензиялар	мынадай рұқсат етілген жұмыстармен осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны: 1. Жер қабатындағы арнаулы жұмыстар, оның ішінде іргетас негіздерді орналастыру; 2. Объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде: 1) металл конструкцияларды монтаждауды; 2) монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрамабетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды; 3) шатыр жұмыстары. 3. Байланыспен, апатқа қарсы қорғанумен, бақылау және дабыл беру жүйесімен, көліктегі, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілеріндегі, өзге де тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі бұғаттаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу және бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары.	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
4.	сынау хаттамалары, жүйелерді және жабдықтарды пайдалануға қабылдау актілері, аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актілері	өтініш беруші бекіткен қабылдау актілерінің және сынау хаттамаларының, жүйенің, жабдықтардың және персоналдың физикалық іске қосуға дайындығы туралы акті	бұл тармақ ядролық қондырғыларды пайдалану жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
5.	объектінің қауіпсіздігін талдау бойынша алдын ала есеп	өтініш беруші бекіткен объектінің қауіпсіздігін талдау жөніндегі алдын ала есеп	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
			бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану

6.	объектіні пайдаланудан шығарудың алдын ала жоспары	өтініш беруші бекіткен объектіні пайдаланудан шығару алдын ала жоспары	(жобаланатын ядролық қондырғылар, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймалары үшін) және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
7.	жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін қызметтер	еңбекке қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін қызметті құру туралы бұйрықтың және қызмет туралы ереженің; техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нұсқаулығының; техникалық қызмет көрсету жүргізу бағдарламасының кестесі	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
8.	радиациялық қауіпсіздік қызметі	өтініш берушінің радиациялық қауіпсіздік қызметін құру туралы бұйрығы; радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже; радиациялық қауіпсіздік бойынша оқу сертификаттары	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
9.	иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі қойма	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны осыған келдім.	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
10.	мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы	өтініш беруші бекіткен сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы	
	ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі, персоналдың	өтініш беруші бекіткен мынадай құжаттар: "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану

11	авариялық жағдайлардағы іс-әрекеті жөніндегі нұсқаулықтар	жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; физикалық іске қосуды жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық; жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, қайта тиеу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық; персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-әрекеті бойынша нұсқаулық.	және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
12	радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары	өтініш беруші бекіткен және облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты. Радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары тек радиациялық қауіптіліктің 1 және 2-санаттағы объектілер үшін ғана талап етіледі.
13	авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтауға арналған аварияға қарсы іс-шаралар жүйесі	өтініш беруші бекіткен авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтауға арналған әдістемесі, аварияға қарсы жаттығуларды өткізу бағдарламасы.	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
14	ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйесі	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды және ( немесе) құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды, радиоактивті заттарды және ( немесе) ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау жөніндегі бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
	объектінің жобасында көзделген барлық жұмыс режимдері үшін, сондай-ақ жобалық және жобадан тыс		бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті

15	авариялар кезінде қажет көлемде объектіде, санитариялық-қорғау аймағында және байқау аймағында радиациялық жағдайды бақылау жүйесі	өтініш беруші бекіткен радиациялық жағдайды бағалау арқылы өндірістік бақылау бағдарламасы; радиациялық бақылауды жүргізу тәртібін бекітетін құжат ; радиациялық бақылауды өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттар	қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты
16	өтініш берушінің персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты. Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған келісімшарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.

## 2. Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	мәлімделген жұмыстарды орындау үшін қажет меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 10-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдың және плутонийдың изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне және ядролық материалдарды өткізу кіші қызмет түріне қатысты емес; ядролық материалдарды сақтау кіші қызметі үшін жеке меншіктегі қойманың болуы талап етіледі
			радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық

2.	радиациялық қауіпсіздік қызметтері (немесе жауапты тұлға)	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); өлшеу құралдарын және радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары	және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғада ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады; радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығын ұсыну белсенділігі ең аз мәнді белсенділіктен төмен уранның, торийдің және плутонийдің изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне ғана талап етіледі
3.	ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйесі	өтініш беруші бекіткен мынадай құжаттар: "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпанындағы № 58 бұйрығымен белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген) техникалық регламентінің 192-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулық; атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғыларды және (немесе) құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды, радиоактивті заттарды және (немесе) ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау жөніндегі бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;	
4.	ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесі	ядролық материалдарды физикалық қорғау жоспары	осы тармақ белсенділігі ең аз мәнді белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес
	экспорттық бақылаудың		бұл тармақ ядролық материалдарды іске асыру

5. фирмаішілік жүйесінің бағдарламасы	өтініш беруші бекіткен экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесінің бағдарламасы	жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты
6. өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар	"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық; радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары; мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы; жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын анықтайтын мәлімделетін жұмыстарды орындау технологиялық регламенті .	физикалық іске қосуды жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық, жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, артық тиеу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық тек ядролық материалдарды қолдану қызметінің кіші түріне ғана талап етіледі. Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын анықтайтын мәлімделетін жұмыстарды орындау технологиялық регламенті радиациялық қауіптің 1 және 2- санатындағы объектілер үшін ғана талап етіледі.
7. өтініш берушінің персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ белсенділік мәні ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдың және плутонийдың изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне қатысты емес . Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған келісімшарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.
8. тиісті білімі, дайындығы және жұмыс тәжірибесі бар мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандардың білікті құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	осы тармақ белсенділік мәні ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес
9. меншік құқығындағы радиоактивті	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды	осы тармақ тек ядролық материалдарды пайдалану



қалдықтарға арналған қойма	орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	қызметінің кіші түріне ғана талап етіледі
----------------------------	--	---

### 3. Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығында немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақты егер өтініш беруші тапсырыс берушінің аумағында жұмыс жүргізсе және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді
2.	тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді
	радиациялық қауіпсіздік және радиоактивті заттарды,	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; радиациялық қауіпсіздік жөніндегі	радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға " Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті

<p>3. құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды есепке алу және сақтау жүйесі жөніндегі қызметтер немесе (жауапты тұлғалар)</p>	<p>қызмет туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғыларды және (немесе) құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды, радиоактивті заттарды және (немесе) ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау жөніндегі бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;</p>	<p>қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғада ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады</p>
<p>4. жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе өзінің радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда: радиациялық бақылау жүргізу жоспары және соңғы радиациялық бақылау жүргізу хаттамасы; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары немесе өтініш берушінің балансында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғылар болмаған жағдайда, өтініш берушінің радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды сатып алғаннан кейін бір ай ішінде радиациялық бақылау жүргізудің соңғы хаттамасын беру туралы кепілді хат</p>	<p>бұл тармақты егер өтініш беруші радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды меншіктенуші және/немесе баланс ұстаушы болып табылмаса және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді</p>
	<p>өтініш беруші бекіткен мынадай құжаттар: "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық; радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және</p>	<p>радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары және мәлімделетін жұмысты орындаудың технологиялық регламент радиациялық қауіптілігі 1 және 2</p>

<p>5. өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар</p>	<p>қондырғыларды түгендеу актісі немесе өтініш берушінің балансында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды сатып алғаннан кейін бір ай ішінде радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды түгендеу актісінен үзінділерді беру туралы к е п і л д і х а т ; жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын анықтайтын мәлімделетін жұмыстарды орындаудың технологиялық регламенті; радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары; "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпанындағы № 58 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген) техникалық регламентінің 193-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау нұсқаулығы</p>	<p>- санаттағы объектілер үшін ғана талап етіледі; радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды түгендеу актісі радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу және табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу қызметтерінің кіші түрлері үшін ұсыну талап етілмейді</p>
<p>6. өтініш берушінің персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін бұл тармақты орындау талап етілмейді. Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғалармен шарттар жасалады</p>
<p>7. экспорттық бақылаудың фирмаішілік</p>		<p>бұл тармақ мәлімделген қызмет құрамында уранды қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өткізу бойынша</p>

	жүйесінің бағдарламасы	өтініш беруші бекіткен экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесінің бағдарламасы	жұмыстар болған кезде табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу қызметінің кіші түріне ғана қатысты
8.	иондаушы сәуле шығару көздері жұмысының сапасын бақылауға және радиациялық шоғырларды калибрлеуді жүргізуге жауапты медициналық физиктер	медициналық физиктердің шоғырды калибрлеуді жүргізу және сапаны бақылау бойынша диплом және арнайы даярлығы туралы құжаттар; радиотерапиялық қондырғының сапасын бақылау бағдарламасы мен шоғырларды калибрлеу және сапасын бақылау жүргізудің соңғы хаттамасы	бұл тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты
9.	радиоактивті заттарды, аспаптарды және қондырғыларды сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі қойма	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау кіші қызметі үшін жеке меншіктегі қойманың болуы талап етіледі; егер құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар аралық немесе уақытша жеке сақтауды қажет етпейтін болса және әрдайым пайдалану және қайта зарядтау барысында жұмыс орнында болса, онда бұл тармақты орындау талап етілмейді
		атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті	бұл тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық құралдар мен қондырғыларды ж ә н е

10	құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттама	растайтын құжаттардың тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізетін меншікті техник болған жағдайда: атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	радиоизотоптық тексеру жабдықтарын пайдалану жөніндегі жұмыстарға ғана қатысты. Егер өтініш беруші құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды меншіктенуші және/немесе баланс ұстаушы болып табылмаса, бұл тармақты орындау талап етілмейді
11	радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды тасымалдау үшін лицензия	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны немесе атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	мәлімделген қызмет құрамында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен кондырғыларды тасымалдау операциясы болған кезде бұл тармақты орындау талап етіледі

#### 4. Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және кондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығында немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	егер өтініш беруші тапсырыс берушінің аумағында жұмыс жүргізсе, бұл тармақты орындау талап етілмейді
			радиациялық қауіпсіздік қызметінің

2.	иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды есепке алу және бақылау жүйесінің радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметі (немесе жауапты тұлға)	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; радиациялық қауіпсіздік бойынша қызмет туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды және (немесе) құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды, радиоактивті заттарды және (немесе) ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау жөніндегі бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;	персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғада радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады
3.	жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе меншікті радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда мынадай құжаттар: радиациялық бақылауды жүргізу жоспары; соңғы радиациялық бақылау жүргізу хаттамасы; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары немесе өтініш берушінің балансында иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың және қондырғылар болмаған жағдайда, өтініш берушінің иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың және қондырғыларды сатып алғаннан кейін бір ай ішінде радиациялық бақылау жүргізудің соңғы хаттамасын беру туралы кепілді хат	егер өтініш беруші қол жүгін, багажды тексеру үшін рентген жабдықтарында жұмыстар жүргізетін болса және осы жабдықтардың меншік иесі және/немесе баланс ұстаушысы болмаған жағдайда бұл тармақты орындау талап етілмейді
4.	өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар	өтініш беруші бекіткен мынадай құжаттар: "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғыларды түгендеу актісі немесе өтініш берушінің балансында иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғылар сатып алғаннан кейін бір ай ішінде иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және	

		<p>кондырғыларды түгендеу актісін беру туралы кепілді хат; "Ядролық және радиациялық қауіпсіздік" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 20 ақпанындағы № 58 бұйрығымен белгіленген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15005 болып тіркелген) техникалық регламентінің 193-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау нұсқаулығы</p>	
5.	<p>өтініш берушінің радиациялық қауіпті жұмыстарға рұқсаты бар персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған шарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.</p>
6.	<p>иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғылардың пайдалану параметрлеріне ( сапасын бақылау) бақылау жүргізу туралы құжаттама</p>	<p>атом энергиясын қолдану саласында тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасы немесе өтініш берушінің балансында иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптар мен кондырғылар сатып алғаннан кейін бір ай ішінде аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасын беру туралы кепілді хат</p>	<p>бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптарды және кондырғыларды пайдалану және дайындау бойынша жұмыстарға ғана қатысты</p>
7.	<p>персоналдың және пациенттердің жеке қорғану құралдары</p>	<p>осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 8-қосымшасына сәйкес жеке қорғану құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптарды және кондырғыларды пайдаланатын жұмыстарға ғана қатысты</p>
8.	<p>тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызметтің түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамы</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
			<p>бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптар мен кондырғыларды және қол жүгі мен</p>

<p>9. иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы құжаттамалар</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізетін меншікті техник болған жағдайда: атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>бағажды тексеруге, көлікті, материалдарды , заттарды тексеруге, адамды жеке-дара тексеруге арналған жабдықтарды пайдаланатын жұмыстарға ғана қ а т ы с т ы ; егер өтініш беруші иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың және кондырғыларды меншіктенуші және/немесе баланс ұстаушы болып табылмаса, бұл тармақты орындау талап етілмейді</p>
---	---	--

## 5. Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	<p>тиісті білімі, арнайы дайындығы бар және мәлімделген қызметтің түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген техниктердің біліктілік құрамы</p>	<p>атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер н ы с а н ы ; біліктілігін және тиісті лауазымның функционалдық міндеттеріне сәйкес теориялық және тәжірибелік дайындықтан өткенін растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер)</p>	<p>құрамында иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын , медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, кері монтаждау, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу кіші қызмет түрі үшін отандық зауыттар немесе олардың уәкілетті ұйымдары берген (сертификаттар, куәліктер) құжаттарды ұсыну талап етілмейді</p>
2.	<p>радиациялық қауіпсіздік (немесе жауапты тұлға) қызметі</p>	<p>радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына</p>	<p>радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғадан радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады;</p>



		сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі қызметтің кіші түріне қатысты емес
3.	радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	өтініш беруші бекіткен "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6- қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	бұл тармақты аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау және персоналды дозиметрлік жеке бақылау бойынша кіші қызмет түрлері үшін орындау талап етілмейді
4.	мәлімделген жұмыстарға жіберілген өтініш берушінің персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйесі	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ құрамында радиоизотоптық иондаушы сәулелену көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, кері монтаждау, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу, иондаушы сәулеленуді көздерінің жұмыс сапасын, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау бойынша қызметтердің кіші түрлеріне ғана қатысты. Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған шарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.
5.	қолданылатын аспаптардың әрбір параметрі бойынша сынау мерзімділігі бойынша тестілеудің түрлері мен әдістемелерін сипаттай отырып тестілік сынаулар	Өтініш беруші бекіткен "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын біліктілік талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11204 болып тіркелген) медициналық рентген жабдықтарының пайдалану параметрлеріне бақылау жүргізу талаптарына сәйкес келетін, рентген аппаратының әрбір типінің	бұл тармақ иондаушы сәулелену көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын

	жүргізу бағдарламасы	тексерілетін негізгі параметрлерін, түсірілген суреттерді алу жүйесін және оларды бағалау шарттарын, пайдаланылатын қосалқы жабдықтарды сипаттай отырып сынау бағдарламасы	бақылау бойынша қызметтің кіші түріне ғана қатысты
6.	мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар	осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 9-қосымшасына сәйкес өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 9-қосымшасына сәйкес мәліметтер нысанының 1-бағанында көрсетілген құжаттар өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары	бұл тармақты құрамында иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, кері монтаждау, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу бойынша қызметтердің кіші түрлеріне орындау талап етілмейді
7.	мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығында немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің мөлшерін анықтау және персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды орындауға ғана қатысты

## 6. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығында немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	егер өтініш беруші тапсырыс берушінің аумағында жұмыс жүргізсе және аумақтар мен объектілерді радиациялық оңалту, өңдеп қалпына келтіру қызметінің кіші түрі үшін жұмыс жүргізсе, бұл тармақты орындау талап етілмейді
2.	радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет (немесе жауапты тұлға) және радиоактивті қалдықтарды	радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); радиоактивті қалдықтарды жинауды, сақтауды және өткізуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық; атом энергиясын пайдалану саласындағы	радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар

	жинауды, сақтауды және өткізуді ұйымдастыруға жауапты тұлға	қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	жеке немесе заңды тұлғадан ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады
3.	жұмыс орындарында, ластанған жабдықтар, бұйымдарда, топырақта, қалдықтарда өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету	атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсету туралы осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе: меншікті радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда келесі құжаттар: радиациялық қадағалауды жүргізу жоспары; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары	
4.	өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар	өтініш беруші бекіткен мына құжаттар: "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық; радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р ы ; радиоактивті қалдықтарды тіркеу журналы; қалдықтарды жинау, сұрыптау, сақтауға беру, өңдеу, қайта өңдеу, сақтау, көму тәсілдерін және кезеңдерін, үй-жайларды, жабдықтарды, материалдарды залалсыздандыруды қоса алғанда, жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың жүйелі тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын мәлімделетін жұмыстарды орындаудың технологиялық регламенті	радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары және мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезіндегі технологиялық регламент радиациялық қауіптілігі 1 және 2- санаттағы объектілер үшін ғана ұсыну талап етіледі
5.	өтініш берушінің персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйесі	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған шарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.
	радиоактивті қалдықтарды		

6.	физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар	өтініш беруші бекіткен радиоактивті қалдықтарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жоспар	бұл тармақ радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты
7.	тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген техниктердің және жұмысшылардың біліктілік құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	жұмысшылардың болуы қызметтің барлық кіші түрлері үшін, техниктердің болуы тек үй-жайларды, жабдық пен материалдарды қатерсіздендіру (радиоактивті ластанудан тазарту) бойынша қызметтің кіші түрі үшін ғана қажет
8.	радиоактивті қалдықтарды сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі қойма	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ тек радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму үшін меншікті қойманың болуы талап етіледі.

**7. Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметке**

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің біліктілік құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
		радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке	радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты

2.	радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет немесе жауапты тұлға	қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;	персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғадан ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады
3.	жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету	радиациялық бақылау жүргізу жоспары; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары; радиациялық бақылау аспаптарын жалға алған жағдайда радиациялық бақылау аспабын жалға алу келісімшарты	
4.	өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар	өтініш беруші бекіткен мына құжаттар: "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық; жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, тиеу және сақтау кезіндегі ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық; авария жағдайында персоналдың іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық	жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, тиеу және сақтау кезіндегі ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық тек жана және пайдаланылған ядролық отынды тасымалдаған жағдайда талап етіледі.
5.	өтініш берушінің радиациялық қауіпті жұмыстарға рұқсаты бар персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған келісімшарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.

6. тасымалдауға болжанған аспаптардың, қондырғылардың, материалдардың, заттардың, қалдықтардың түрлері жөнінде, сонымен бірге тасымалдау жоспарланған көліктік қаптама комплектілері жөнінде түсіндірме жазба

өтініш беруші немесе лицензиат тасымалдайтын болжанған аспаптардың, қондырғылардың, материалдардың, заттардың, қалдықтардың түрлерінің тізімі, сондай-ақ тасымалдау жоспарланған көліктік қаптама комплектілері жөнінде мәліметтер

		жазбаға өтініш беруші немесе лицензиат қол қоюы тиіс
7.	ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар құралдар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған көлік құралдары	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 11-қосымшасына сәйкес ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

## 8. Ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	полигонда болжанған жұмыстар бойынша түсіндірме жазба	өтініш беруші полигонда жүргізетін болжамды жұмыстар тізімі	еркін нысанда, түсіндірме жазбаға өтініш беруші қол қоюы тиіс
2.	радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6-қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	
3.	персоналдың сәулелену дозасын бақылау	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес	Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге арналған шарт атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті

	және есепке алу жүйесі	персоналды жеке дозиметрлік бақылауды қамтамасыз ету бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалынады.
4.	жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе меншікті радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда: радиациялық бақылауды жүргізу жоспары; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары	ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарында және басқа да аумақтарда радиациялық бақылауды "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету" және "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында және жүргізілген ядролық сынақтардың салдарынан ластанған басқа аумақтарда қызметтерді жүзеге асыру" қызмет түрлеріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға жүргізеді
5.	радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет немесе жауапты тұлға	радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;	радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызмет түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғадан ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы дайындықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады
6.	тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген техниктер мен жұмысшылардың біліктілік құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	

## 9. Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
	тиісті білімі, дайындығы бар		



1.	және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген техниктер мен жұмысшылардың біліктілік құрамы	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2.	күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия	осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бұл тармақ ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты
3.	өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар	өтініш беруші бекіткен: мәлімделген жұмыстарды жүргізу кезінде радиациялық қауіпсіздік бойынша; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықтар "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 маусымындағы № ҚР ДСМ-97 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18920 болып тіркелген) санитарлық қағидаларының 6- қосымша талаптарына сәйкес белгіленген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	бұл тармақ ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты

## 10. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	оқу өткізу үшін меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база (теориялық және практикалық сабақ өткізуге арналған оқу сыныптары, жабдықтар, аспаптар)	атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 10-қосымшасына сәйкес теориялық және практикалық сабақ өткізу үшін қажетті радиациялық бақылаудың оқу сыныптары, оқыту жабдықтары, техникалық құралдары, оқыту аспаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын қолданыстағы біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 10-қосымшасына сәйкес мәліметтер нысанының 2-бағанында көрсетілген құжаттар	
	ядролық және/немесе радиациялық қауіпсіздікті		

2.	қамтамасыз ету саласында арнайы дайындығы, практикалық тәжірибесі мен оқыту тәжірибесі бар білікті оқытушылардың біліктілік құрамы	оқытушылардың білімі, ядролық және/немесе радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында арнайы дайындығы ( дайындау бағдарламасын қоса бере отырып) және жұмыс тәжірибесі (жұмыс берушінің күні мен оны тоқтату негізі туралы белгісі бар еңбек кітапшалары және жеке еңбек шарттары) туралы құжаттар	
3.	оқу және оқушылардың білімін тексеру бағдарламалары	өтініш беруші бекіткен сағаттарға бөлінген, теориялық және практикалық дайындығы бөліп көрсетілген; нақты сабақтарды өткізетін оқытушының тегі көрсетілген оқыту бағдарламалары; тыңдаушылардың білімін тексеруге арналған билеттер (тестілер)	
4.	сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы	өтініш беруші бекіткен сапасын қамтамасыз ету, персоналды жинақтау мен даярлау саласындағы өтініш берушінің саясатын сипаттай отырып, мәлімделетін жұмыстарды жүзеге асыру кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы; өтініш беруші мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар тізбесі, құжаттаманы басқару жүйесі, оқитындардың білімін бақылау тәртібі, мәлімделетін қызметте пайдаланылатын әдістемелердің сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы	

Атом энергиясын пайдалану  
саласындағы қызметке  
қойылатын біліктілік талаптары  
және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттар тізбесіне  
1-қосымша

### **Мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

1	2	3		5	
		4	4		
Үй-жайдың ( өндірістік-техникалық базаның/ қойманың/ мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың ) атауы	Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңдық құқықтарды растайтын құжат	Өзге заңдық құқығы болған жағдайда	Шарттың нөмірі, күні және қолданылу мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлғаның/ дара кәсіпкердің/ жеке тұлғаның атауы және БСН/ ЖСН	Үй-жайдың ( өндірістік-техникалық базаның/ қойманың/ мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың) орналасқан мекенжайы
1	2	3	4	5	

Атом энергиясын пайдалану  
саласындағы қызметке  
қойылатын біліктілік талаптары  
және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттар тізбесіне  
2-қосымша

### **Мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

--	--	--	--	--	--	--	--

Маманның, техниктің, жұмысшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қабылдау туралы бұйрықтың /жеке еңбек шартының нөмірі және күні	Жеке немесе заңды тұлға жұмысының бағдарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда - тану және нострификациялау туралы мәліметтер) (бұл тармақ рентгендік тексеру аппараттарында жұмыс жасайтын персонал үшін және жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Біліктілігіне және тиісті лауазымның функционалдық міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық дайындықтан өткенін растайтын сертификаттардың, куәліктердің нөмірі және берілген күні (бұл баған жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Оқу және (немесе) дайындық курсының атауы (тақырыбы) (бұл баған жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердегі жұмыс өтілі туралы мәлімет (қызметінің атауы, жұмыс кезеңі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың атауы (бұл баған тек радиациялық қауіптілігі I және II санатты объектілер де, ядролық материалдарды өткізуден басқа ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін мамандар мен техниктер үшін толтырылады)	Персоналды "А" тобының персоналына жатқызу (иә/жоқ)
1	2	3	4	5	6	7	8

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 3-қосымша

## Лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 4-қосымша

**Ядролық материалдарды және (немесе) радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды және (немесе) иондаушы**

## сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды есепке алу мен бақылауға жауапты адамның мақсаты бойынша бұйрық жөнінде ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және атқаратын қызметі	Тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі	Тағайындау туралы бұйрықтың мерзімі
1	2	3

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне  
5-қосымша

## Персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Шарт тақырыбы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Шарт жасалған тұлғаның заңды тұлға/дара кәсіпкер/жеке тұлға атауы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Шарттың нөмірі және күні, шарттың қолданылу мерзімі (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі	Жеке дозиметрлік бақылаумен қамтылған қызметкерлер саны
1	2	3	4	5

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне  
6-қосымша

## Қызмет немесе жауапты адам туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Қызметті құру туралы (немесе жауапты адам туралы) бұйрықтың нөмірі және күні	Маманның тегі, аты-жөні және атқаратын қызметі	Оқыту сертификатының немесе куәліктің нөмірі және берілген күні (сертификатты немесе куәлікті шетелдік оқу орны берген жағдайда - тану және нострификациялау туралы мәліметтер)	Радиациялық қауіпсіздік бойынша оқыту курсының атауы (тақырыбы)	Радиациялық қауіпсіздік бойынша оқыту жүргізілген жеке немесе заңды тұлғаның атауы (оның ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жүргізу құқығына берілген лицензияның нөмірі)
1	2	3	4	5

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары

**Атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

Шарт тақырыбы	Шарт нөмірі және жасалған күні, шарттың қолданылу мерзімі	Техникалық қызмет көрсетумен қамтылған аппараттардың атаулары (берілген мәліметтер иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы келісім үшін толтырылады )	Ш а р т жасалған тұлғаның заңды тұлға/ дара кәсіпкер/ жеке тұлға атауы	Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 8-қосымша

**Жеке қорғану құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

Құралдың атауы және қысқаша сипаттамасы	Шыққан жылы	Қорғасын эквиваленті
1	2	3

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 9-қосымша

**Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

Иелік құқығын растайтын немесе өзге заңнамалық құқықтарды растайтын құжат	Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтардың атауы және қысқаша сипаттамасы	Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтардың мақсаты	Шыққан жылы және өндіруші ел	Зауыттық нөмірі және түгендеу күні	Техникалық паспорттың нөмірі
1	2	3	4	5	6

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 10-қосымша

**Теориялық және практикалық сабақ өткізу үшін қажетті радиациялық бақылаудың оқу сыныптары, оқыту жабдықтары, техникалық құралдары, оқыту аспаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

Оқу сыныбының, оқыту жабдықтарының, техникалық құралдың, радиациялық бақылау аспабының атауы және қысқаша сипаттамасы	Меншік құқығын растайтын немесе өзге заңдық құқықтарды растайтын құжаттың атауы	Өзге заңдық құқықтар болған жағдайда		Оқыту жабдығының, техникалық құралдың немесе радиациялық бақылау аспабының тағайындалуы	Зауыттық нөмірі және түгендеу күні (оқыту сыныптарына толтырылмайды)	Саны	Техникалық паспорттың нөмірі (радиациялық бақылау аспаптары үшін)
		Шарттың нөмірі, күні және қолдану мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлғаның/ даракәсіпкердің /жеке тұлғаның атауы және БСН/ЖСН				
1	2	3	4	5	6	7	8

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне  
11-қосымша

**Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

Арнайы көлік құралының атауы, маркасы	Арнайы көлік құралының мемлекеттік нөмірі	Арнайы көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңдық құқықтарды растайтын құжат	Өзге заңдық құқығы болған жағдайда	
			Шарттың нөмірі, күні және қолданылу мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлға/дара кәсіпкер/жеке тұлғаның атауы және БСН/ЖСН
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2020 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 121 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 20 қаңтардағы  
№ 12 бұйрығымен  
бекітілген

# Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 6-бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау тәртібін (бұдан әрі - аттестаттау) айқындайды.

2. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персонал (бұдан әрі - аттесталатын адам) біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкестігін айқындау тұрғысынан аттестаттаудан өтеді.

Шетелдік адамдар (резидент еместер) осы Қағидаларға сәйкес жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттауды атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші:

1) лауазымдық міндеттеріне атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қондырғыны тікелей басқару, ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кіретін мамандарға;

2) лауазымдық міндеттеріне ядролық материалдарды, иондандырушы сәулелену көздерін, радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау, ядролық қондырғыларды және ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету кіретін ядролық қондырғының персоналына;

3) лауазымдық міндеттеріне радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау кіретін радиациялық, электрфизикалық қондырғының персоналына аттестаттау жүргізеді.

Өзге персоналды атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар аттестаттайды.

3. Персоналды аттестаттау мынадай түрлерге:

1) бастапқы аттестаттауға;

2) мерзімді аттестаттауға;

3) кезектен тыс аттестаттауға бөлінеді.

4. Бастапқы аттестаттау жұмыскер лауазымға тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

Мерзімді аттестаттау үш жылда бір рет жүргізіледі.

Кезектен тыс аттестаттау мынадай жағдайларда:

1) атом энергиясын пайдалану объектілерінде тосын оқиғалар туындаған кезде олардың туындауына жол берген адамдарға қатысты;

2) бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты - уәкілетті органның тексерулері нәтижесінде анықталған ядролық және (немесе) радиациялық және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік, ядролық материалдарды, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу талаптары бұзылған жағдайда;

3) атом энергиясын пайдалану саласында қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша тағайындалады.

5. Кезектен тыс аттестаттауды тағайындау мерзімді аттестаттау жүргізу мерзімдерін өзгертпейді.

6. Аттестаттауды өткізу үшін көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының бұйрығымен атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттауды өткізу үшін комиссияның (бұдан әрі - комиссия) құрамы және ережесі бекітіледі.

Комиссияның құрамына көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасары, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері басқармаларының басшылары енгізіледі.

Аттестаттауды өткізу барысында ашықтықты және әділдікті қамтамасыз ету үшін комиссия отырысына дауыс беру құқығы жоқ бақылаушылар шақырылады. Бақылаушылар ретінде қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдардың, саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері комиссияның отырысына қатыса алады.

Комиссия мүшелерінің саны тақ болады және кемінде бес адамды құрайды. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды және дауыс беру құқығы жоқ.

Комиссияның отырысы комиссия құрамының кемінде үштен екісін құрайтын кворум болған кезде заңды.

7. Аттестаттау тестілеу және әңгімелесу арқылы өткізіледі.

Әңгімелесу лауазымдық міндеттеріне радиациялық және (немесе) ядролық қауіпсіздікті бақылау кіретін персонал үшін жүргізіледі.

8. Тест сұрақтарының тізбесін атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы әзірлейді және бекітеді және ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік нормалары мен талаптарын білу, сондай-ақ еңбек міндеттерін атқару кезінде шешімдер қабылдау қабілетін айқындау мақсатындағы сұрақтарды қамтиды.



Бекітілген тест сұрақтарының тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік нормалары мен талаптары бөлігінде, сондай-ақ сұрақтарды орынсыз қалыптастыру анықталған жағдайда жүзеге асырылады.

9. Аттестатталатын адамдардың санаттары және оларға тест сұрақтары жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне және жұмыста пайдаланылатын қондырғылардың, аспаптардың, материалдардың түрлеріне байланысты анықталады.

Аттестатталатын адамдардың санаттары, сұрақтар саны, тест өтті деп тануға негіз болатын дұрыс жауаптардың шекті деңгейі, сондай-ақ тестілеу уақыты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персонал үшін тестілеу көрсеткішімен анықталады.

10. Әңгімелесу барысында комиссия мүшелері аттестатталатын адамға ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік нормалары мен талаптарын білуін тексеру, сондай-ақ жұмыста пайдаланылатын қондырғылардың, аспаптардың, материалдардың түрлеріне байланысты еңбек міндеттерін атқару кезінде шешімдер қабылдау қабілетін айқындау мақсатында сұрақтар қояды.

## **2-тарау. Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттаудан өткізу тәртібі**

11. Аттестаттаудан өту үшін аттестатталатын адам (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және көрсетілетін қызметті алушының қызметке тағайындау туралы бұйрығы мен лауазымдық нұсқаулығының көшірмесін немесе электрондық көшірмесін (бұдан әрі - құжаттар) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жолдайды.

12. "Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

13. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда:

1) көрсетілетін қызметті берушіге - қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесіндегі құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) порталға - "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

14. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойған, одан әрі қараудан дәлелді бас тарту электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту еркін түрдегі нысанда өтініш берушіге жіберіледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қарастырады, тестілеуден өту күні, уақыты және орны туралы хабарламаны немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай негіздер бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылса мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы электрондық цифрлық қолтаңбамен ЭЦҚ қол қойған, мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойған мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту еркін түрдегі нысанда өтініш берушіге жіберіледі.

Аттестаттау құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеген сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Тестілеу көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші ұсынған орында немесе көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық құрылымдық бөлімшелерінде, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде автоматтандырылған компьютерлік әдіспен өтеді.

Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттауға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Тестілеу уақытында көрсетілетін қызметті алушылар өзара сөйлесуге, қандай да бір көмекші ақпараттық материалдарды (анықтамалық, арнайы әдебиет), байланыс құралдарын және электрондық жеткізгіштегі жазбаларды пайдалануға жол берілмейді.

Комиссияның хатшысы тестілеуден өту тәртібін бұзу фактісін анықтаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыны тестілеу тоқтатылады. Бұл бұзушылық фактісі бойынша комиссия хатшысы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өту тәртібінің бұзылғаны туралы акті рәсімдейді, және көрсетілетін қызметті алушыға тестілеудің теріс нәтижесі беріледі.

Тестілеуге бөлінген уақыт өткен соң бағдарлама автоматты түрде жабылады.

Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

Егер дұрыс жауаптар саны шекті деңгейге тең немесе одан жоғары болса, онда көрсетілетін қызметті алушыға монитордағы компьютерлік бағдарлама "тесттен өтті" деген тестілеудің оң нәтижесі беріледі.

Егер дұрыс жауаптар саны шекті деңгейден төмен болса, онда монитордағы компьютерлік бағдарлама "тесттен өткен жоқ" деген тестілеудің теріс нәтижесі беріледі және көрсетілетін қызметті алушы әңгімелесуге жіберілмейді.

Әңгімелесу сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Көрсетілетін қызметті алушыға 10 сұрақ қойылады.

Егер аттестатталатын адам 7 және одан көп сұраққа жауа берсе әңгімелесуден өткен болып саналады.

Егер аттестатталатын адам 6 және одан аз сұраққа жауап берсе әңгімелесуден өтпеген болып саналады.

Аттестаттау нәтижесі бойынша комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Комиссияның шешімін комиссия хатшысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналға аттестаттау жүргізу комиссиясы отырысының қорытындысы түрінде рәсімдейді.

Комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы шешім қабылдаған және (немесе) тестілеуден оң нәтиже алған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойған, атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) жіберіледі.

Комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдаған және (немесе) тестілеуден теріс нәтиже алған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес туралы комиссия қорытындысы жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан өтуге көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде келмеген болса, онда аталған адам аттестаттаудың теріс нәтижесін алған болып саналады және комиссия көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдайды.

Дәлелді себептер бойынша (науқастануы, іссапар, демалыс, оқу орындарында оқуы) көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде аттестаттауға келмеген жағдайда және көрсетілетін қызметті алушының жұмыс беруші тарапынан туындаған дәлелді себеп және құжаттамалық растау туралы хабарлама жіберілген кезде мерзімді өткізу себебі болған мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасы негізінде көрсетілетін қызметті берушіге кезектен тыс аттестаттаудан өтуге өтініш жібереді.

Туындаған дәлелді себеп туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге аттестаттауды өткізу мерзімі өтіп кеткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей еркін нысанда жібереді.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтерді көрсетуінің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезеңіндегі мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысындағы деректер автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне беріледі.

### **3-тарау. Аттестаттау нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

19. Көрсетілетін қызметті алушы тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерімен келіспеген жағдайда олардың нәтижелерін аттестаттау өткен күні осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беру арқылы шағымдануға құқылы.

20. Тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарастыру үшін көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының бұйрығымен тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарау жөніндегі апелляциялық комиссия туралы ереже және оның құрамы (бұдан әрі - апелляциялық комиссия) бекітіледі.

Апелляциялық комиссия комиссияның құрамына кірмейтін көрсетілетін қызметті берушінің салалық басқармалар басшыларынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде үш адамды құрайды.

21. Тестілеу және әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтініштерді қарауды апелляциялық комиссия өтініштер түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

22. Тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтініштерді қарастыру қорытындысы бойынша апелляциялық комиссия осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама түрінде рәсімделетін шешім шығарады, түпнұсқасы апелляцияны өткізген соң көрсетілетін қызметті алушыға, көшірмесі көрсетілетін қызметті берушіде сақталады.

23. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңның 25-бабы 3-тармағының 2)

тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

25. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

26. Шағымды "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

27. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сотқа шағымдана алады.

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
I-қосымша

## Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персонал үшін тестілеу көрсеткіштері

р/ с №	Аттестатталатын адамдардың санаттары	Сұрақтар саны	Тестілеу уақыты, мин	Шекті деңгей, %
Лауазымдық міндеттеріне мыналар кіретін мамандар:				
1.	Ядролық қондырғыны тікелей басқару	50	75	70
2.	Радиациялық және (немесе) электрофизикалық қондырғыны тікелей басқару	50	75	70
3.	Электрофизикалық қондырғыны тікелей басқару	50	75	70
4.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	50	75	70
5.	Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	50	75	70
6.	Ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	50	75	70
Лауазымдық міндеттеріне мыналар кіретін ядролық қондырғылардың персоналы:				
7.	Ядролық материалдарды есепке алу және бақылау	50	75	70
8.	Иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау	50	75	70
9.	Радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау	50	75	70
10.	Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету	50	75	70
Лауазымдық міндеттеріне мыналар кіретін радиациялық қондырғылардың персоналы:				
11.	Медициналық гамма-терапиялық аппараттарды пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
12.	Радиоизотоптық диагностиканы немесе терапияны өткізу кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70

13	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
14	Уран кеніштерінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
15	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
16	Спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштерді пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
17	Өзге жұмыстар кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
18	Иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
19	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
20	Медициналық гамма-терапиялық аппараттарды пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
21	Радиоизотоптық диагностиканы немесе терапияны өткізу кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
22	Спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштерді пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
23	Өзге иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау, радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
24	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды тасымалдау кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
Лауазымдық міндеттеріне мыналар кіретін электрофизикалық қондырғылардың персоналы				
25	Медициналық рентгендік диагностикалық немесе терапиялық жабдықтарды пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
26	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
27	Өзге жұмыстар кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
28	Иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
29	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
30	Медициналық рентгендік диагностикалық немесе терапиялық жабдықтарды, сызықтық үдеткіштерді пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
31	Радиациялық қауіпсіздікті бақылау, өзге иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
Лауазымдық міндеттеріне мыналар кіретін радиациялық және электрофизикалық қондырғылардың персоналы				

32	Радиоизотоптық диагностиканы немесе терапияны жүргізу, медициналық рентгендік диагностикалық немесе терапиялық жабдықтарды, сызықтық үдеткіштерді пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
33	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
34	Өзге жұмыстар кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау	50	75	70
35	Иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
36	Дефектоскопия кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
37	Радиоизотоптық диагностиканы немесе терапияны жүргізу, медициналық рентгендік диагностикалық немесе терапиялық жабдықтарды, сызықтық үдеткіштерді пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздікті бақылау, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70
38	Радиациялық қауіпсіздікті бақылау, өзге иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылау	50	75	70

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

---

(атом энергиясын пайдалану  
саласындағы уәкілетті  
органның ведомство атауы)

---

(мекенжайы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (болған  
жағдайда))

---

(азаматтығы)

---

(жеке сәйкестендіру нөмірі)

---

(мекенжайы, телефоны,  
электрондық поштасы)

---

(лауазым атауы)

---

(атом энергиясын пайдалану  
саласында жүзеге асыратын  
қызмет түрі)



Мені атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналды бастапқы/мерзімді/кезектен тыс (керегін сызып қою) аттестаттауға жіберуіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. \_\_\_\_\_;
2. \_\_\_\_\_.

Осы өтінішпен ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілікке тартылатыныма хабардармын.

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
3-қосымша


## **"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі - портал) және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні ішінде. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі караудан дәлелді бас тартуды береді.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік, көрсетілетін қызметті алушының біліктілігі мен кәсіби даярлығы деңгейінің атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы комиссияның қорытындысы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас т а р т у . Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.


6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7.	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы және көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің - демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті және құжаттарды қабылдау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады; 2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі	1) Көрсетілетін қызметті берушіге: ө т і н і ш ; лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі; жұмыскердің лауазымдық нұсқаулығының көшірмесі; 2) Порталға жүгінген кезде: ө т і н і ш ; лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі; жұмыскердің лауазымдық нұсқаулығының электрондық көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.
9.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларының талаптарына с ә й к е с к е л м е у і ; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

<p>10</p> <p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысан арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: www.gov.kz - мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" бөлімі "Қызметтер" бөлімшесінде; порталда орынласқан;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді;</p> <p>5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz - мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" бөлімінің "Қызметтер" бөлімшесінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>
--	---

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

<p>[МО атауы (мемлекеттік тілде)] МО реквизиттері мемлекеттік тілде</p>		<p>[МО атауы (орыс тілінде)] МО реквизиттері орыс тілінде</p>
---	---	---

<p><b>Өтінішті одан әрі қараудан/мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту</b></p>	
<p>Нөмірі: [РҚ нөмірі] Берілген күні: [РҚ берілген күні]</p>	<p>[Өтініш берушінің атауы]</p>
<p>[МО атауы], Сіздің [Өтініш берген күн] № [Өтініш нөмірі], өтінішіңізді қарастырып, _____ х а б а р л а й д ы . ----- [Бас тарту себебі].</p>	
<p>[Қол қоюшының лауазымы]</p>	<p>[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)]</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

## Тестілеуден өту тәртібін бұзу туралы акт

201\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут.

Мен, \_\_\_\_\_

—,

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген) бекітілген Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларының 16-тармағын \_\_\_\_\_

бұзу фактісін

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

анықтадым.

\_\_\_\_\_ (бұзушылықты қысқаша сипаттау)

Актіні жасаған адамның қолы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Актімен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

## **Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналға аттестаттау жүргізу комиссиясы отырысының № қорытындысы**

Нұр-Сұлтан қаласы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттаудан өткізу үшін қолданыстағы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

бұйрық

негізінде жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы құрамында:

Комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Тестілеу нәтижесін қарастырып

**ШЕШТІ:**

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда)

біліктілігі мен кәсібі даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді/сәйкес келмейді.

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

## **Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік**

Осы куәлік Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Аттестаттау комиссиясының шешімімен

біліктілігі мен кәсіби даярлық деңгейі атқаратын лауазымына сәйкес келеді деп танылған

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы

\_\_ берілді.

Куәлік: \_\_\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін жарамды

(мерзімі көрсетіледі)

Тіркеу нөмірі: № \_\_\_\_\_

Берілген күні " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Басшы (уәкілетті тұлға) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
8-қосымша

Нысан

Атом энергиясын пайдалану  
саласында уәкілетті орган  
ведомствосының басшылығына

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

## Тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ аттестаттау  
барысында

(күні (бастапқы, мерзімді, кезектен тыс)

жүргізілген тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарастыруды сұраймын,  
себебі

\_\_\_\_\_  
Өтініш берушінің қолы: \_\_\_\_\_

Өтініш берілген күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Атом энергиясы  
пайдаланылатын объектілерде  
жұмыс істейтін персоналды  
аттестаттау қағидаларына  
9-қосымша  
Нысан

## № \_\_\_\_\_ Хаттама

Нұр-Сұлтан қаласы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Апелляциялық комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің жұмыс орны (мекеменің толық атауы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ тестілеу немесе әңгімелесу

(бастапқы, мерзімді, кезектен тыс)

нәтижелерін қайта қарастырып

### **АНЫҚТАДЫ:**

дұрыс \_\_\_\_\_ жауап

дұрыс емес \_\_\_\_\_

жауап персоналдың осы санаты үшін шекті деңгей \_\_\_\_\_ құрайды.

### **АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тестілеуден немесе әңгімелесуден өту нәтижесі өзгеріссіз қалсын ("тесттен өткен жоқ" немесе "әңгімелесуден өткен жоқ")
2. Тестілеуден немесе әңгімелесуден өту нәтижесі оң деп танылсын ("тесттен өтті" немесе "әңгімелесуден өтті")